


Ақпарлама

№22 «Алтын бесік» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК, 2023-2024 оқу жылына арналған кеңес беру орталығының жұмыс жоспарына сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған 6 ата-анаға кеңес берді. Кеңес беру орталығында директор Жакузова С.А., әдіскер Мекеева А.Б., дене шынықтыру нұсқаушысы Арапова Л.Н., қазақ тілі мұғалімі Ахылбекова Д.А., және тәрбиеші Артығалина А.Б., жұмыс жасады. «Отбасындағы және МДҰ 2-3 жастағы балалардың қауіпсіздігі» тақырыбында директор С.Аманғалиқызы ата-аналарға жалпы түсіндірме жұмысын жүргізіп, бөбекжай ішіндегі қауіпсіздік туралы, бейнебақылау жүргізілетіндігі туралы, екпе алу шаралары туралы, сонымен қатар бөбекжайдағы ас мәзірі туралы мағлұмат беріп өтті.



Әдіскер А.Баймурзаевна «Мектеп жасына дейінгі балалардың ойыны» туралы 3 жастағы Ш. есімді қыздың заңды өкіліне кеңес берді. Сонымен қатар А.есімді баламен ойын түрлерін ойнап ата-анаға көрсетті.



«Қазақ тілін үйрену барысында Мультфильмдерді қолдану» тақырыбында қазақ тілі мұғалімі Д.Ахылбековна ата-аналарға кеңес берді. «Ұлттық мереке, салт-дәстүр» туралы бөбекжайдағы балаларға ҰІӨ көрсетті.



Тәрбиеші А.Белдібайқызы кеңес беру орталығына келген М. есімді қыздың ата-анасына «Балалармен демалыс» туралы кеңес беріп, баласымен өткізген демалысы туралы кері байланыс беруін сұрады.



«Дене шынықтырудағы ұлттық ойындар» тақырыбында дене шынықтыру нұсқаушысы ұлттық ойындар түрлерімен балаларды таныстырып, ата-аналарға күнделікті өмірде ойнап көрулерін ұсынды.

